

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері  
8-сынып

1. Берілген сөйлемді толықтырыңыз. Ән.....

- A) тартылады
- B) қол соғады
- C) ойнаймыз
- D) айтамыз
- E) оқимыз

2. Тура мағынадағы сөз тіркесін табыңыз.

- A) алтын қол
- B) алтын сағат
- C) кең адам
- D) ашық қол
- E) алтын адам

3. Орфоэпия нормасына сай жазылған сөзді табыңыз.

- A) Жібек
- B) Көңіл
- C) Ауыл
- D) Қағаз
- E) Құлұн

4. Мына сөздердің ішінен синонимдерді табыңыз.

- A) Бұлт, жел
- B) Қатар, қарға
- C) Көмір, ағаш
- D) Шыны, әйнек
- E) Ұстаз, арай

5. “Тазалық – саулық негізі,

Саулық – байлық негізі” бұл мақалда не туралы айтып тұр?

- A) Егіншілік
- B) Батырлық
- C) Ас, тағам
- D) Ынтымақ
- E) Денсаулық

6. Ортақ сөзді табыңыз. *Жүргізуші, мұғалім, дәрігер, аспаз*

- A) мамандықтар
- B) жыл мезгілдері
- C) айлар
- D) оқу орындары
- E) туыстар

7. «қолы ашық» деген сөз тіркесінің синонимін табыңыз.

- A) ашық
- B) анық
- C) жыздам
- D) жомарт
- E) белгілі

8. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз. *Мен ертең Астанаға ...*

- A) кетемін
- B) келдім
- C) кетіпмін
- D) кеткенмін
- E) кеттім

9. Саған әншілер... кім ұнайды?

- A) -ге
- B) -нен
- C) -ден
- D) -дің
- E) -ме

10. Қажетті септеулікті көрсетіңіз.

*«Әміре Қашаубаев Париждегі концерттен ... Еуропаға белгілі болды»*

- A) алдында
- B) кейін
- C) бұрын

D) туралы

E) үшін

**11. Қай сөйлемде болжам бар?**

A) Күнде сабаққа барамын.

B) Ертең айтармын.

C) Кеше театрға бардық.

D) Бұрын досым маған жиі келетін.

E) Алматы бұрын астана болған.

**12. Көп нүктенің орнына қандай одағайды қолдану керек? ... ауылдан көптен күткен әжем келді!**

A) алақай

B) тәйт

C) қап

D) ойбай

E) бәсе

**13. Қандай шылау қою керек? Біз бүгін ерте шықтық, ... сабақтан қалып қойдық.**

A) және

B) немесе

C) біресе

D) сол себепті

E) бірақ

**14. Жұмбақты шешіңіз. Кішкене ғана қараша,**

*Туған жері тамаша.*

*Бір мезетте жер жүзін,*

*Алады шарлап қараса.*

A) тіл

B) жүрек

C) көз

D) саусақ

E) қол

**15. Әуес көріп жүгірген жас балалар,**

*Беті-қолы домбығып, үсік шалды.*

*Шидем мен тон қабаттап киген малышы*

*Бет қарауға шыдатпай, теріс айналды. Бұл Абайдың қай мезгілді суреттеген өлеңі?*

A) күз

B) жазғытұры

C) көктем

D) қыс

E) жаз

**16. Өскемен қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқанын көрсетіңіз.**

A) батысында                      B) шығысында                      C) орталығында

D) оңтүстігінде                      E) солтүстігінде

**17. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз республика болып жарияланған күнді атаңыз.**

A) 1993 жылы 15 қараша

B) 1991 жылы 16 желтоқсан

C) 1992 жылы 4 маусымда

D) 1991 жылы 1 желтоқсан

E) 1997 жылы 20 қазан

**18. Шұғылалы Күн мен қалықтаған қыран құс, ою-өрнек бейнеленген рәміз.**

A) Елтаңба                      B) Ту                      C) Әнұран

D) Ата заң                      E) Шекара

**19. Қазақ ғарышкерлері**

A) Т.Жаманкүлов, С.Құдайбергенов

B) Т.Бигельдинов, Р.Қошқарбаев

C) Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев

D) Л.Хамиди, М.Төлебаев

E) Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин

**20. Қазақтың ұлттық саз өнері аспабын белгілеңіз.**

A) баян                      B) мандолина

C) домбыра

D) скрипка

E) комуз